



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## АҚШ, ЖАПОНИЯ, ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ КОРЕЙ ДИАСПОРАНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Юсбекова Еркежан Ардақызы**

erkezhan21@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Абжаппарова Б.Ж.

Әлем елдеріндегі корей диаспорасының қоныс аударуының тарихи жағдайларына, қабылдаушы елдердің тәртібі мен саясатына байланысты өздерінің өзгешіліктері бар. Әлемдегі корей диаспорасының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі ол - кемсітушілікке қарамастан (Жапониядағы корейлерге қатысты) немесе ішінара ассимиляцияға қарамастан (ТМД корейлерінің жағдайында) өз этникалық сәйкестігін сақтап келеді. Этникалық сәйкестіліктің білдіру дәрежесі қабылдаушы қоғамда тұру және қоршаған ортаның сипаттамаларына байланысты болуы мүмкін. Этномәдени сәйкестіктің негізгі белгілері - тіл, салт-дәстүр және т.б.

Бүкіл әлемде корей диаспорасы шамамен 7 миллионды құрайды. Америка Құрама Штаттарында корей диаспорасы қазір 1,7 миллионнан асады. АҚШ корей қауымдастығының ерекшеліктерінің бірі - корей диаспорасының басты ұйымдастырушысы ретінде протестанттық шіркеулердің үлкен рөл атқаруымен байланысты. Көптеген корей діни топтары - АҚШ-та таралған протестантизмнің бірдей бағыттарының жақтаушылары.

Бұл АҚШ-та корей христиан шіркеуінің айналасында «этникалық ұжымдармен сәйкес келетін» тұлғалар арасындағы ақпараттық байланыстарының ұйысуында болып жатыр дегенді білдіреді [1].

Корейліктердің этносаралық интеграция жағынан жаңа экологиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуінің ерекше қабілеттері бар. Корей мигранттардың еңбекке қабілеті, шағын бизнестің шектеулі шеңберіне шоғырлануы корей ұлтының экономикалық негізін қамтамасыз етеді. Мысалы, Америкада, корейлердің айтарлықтай қысқа уақыт ішінде, бизнес, академиялық саласында және тіпті саясатта үлкен прогреске жеткені үшін «model minority» (үлгілі диаспора) деген атақ ие болды [2].

Әдетте этникалық топтар, олардың мүшелерінен ажырататын өздерінің этникалық тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдана отырып, өздерін сол этникалық топқа жатқызады. Этникалық тілді білу - этникалық тиістілігінің маңызды құралы екені сөзсіз. Осылайша, ТМД елдерінен басқа Қытай, Жапония, Канада және басқа елдердің корей диаспорасының көпшілігі этникалық-корей тілінде сөйлейді. ҚХР, Моңғолия және ТМД елдері корейлері өздерінің және шетел этникалық топтарымен сәйкестендіру дәрежесі анықталды. Интеграцияның стратегиясына тоқталатын болсақ, елдің доминант мәдениетінің тілін меңгеру деңгейі маңызды орын алады. Мигранттардың әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесі қаншалықты көп болса, соншалықты жаңа елде аккумуляция үрдісі жүреді [3].

Берридің жүргізген сауалнамасы бойынша, АҚШ-та ата-ана мен жасөспірімдердің шамамен 70-80% -ы американдық құндылықтар мен әдет-ғұрыптарды үйрену, сондай-ақ корей құндылықтары мен әдет-ғұрыптарын сақтау өздеріне маңызды екенін мәлімдеді. Ата-аналардың 90% -дан астамы америкалық құндылықтарды және әдет-ғұрыптарды үйрену олардың балаларына маңызды екенін ойлайды; ал жасөспірімдердің 65% -ы американдық құндылықтарды және әдет-ғұрыптарды ата-аналар үшін маңызды деп есептейді. Бұл көрсеткіштер корей құндылықтары туралы сұраққа жауап бергенде біршама өзгереді; ата-аналардың 67% -ы корейлік құндылықтар мен әдет-ғұрыптарды ұстау олардың балаларына маңызды екенін, ал жасөспірімдердің 94% -ы ата-аналар үшін корей құндылықтары мен әдет-

ғұрыптарын сақтау маңызды екенін мәлімдеді. Сонымен қатар, ата-аналардың 83% -ы өздерінің балаларына корей тілін пайдалануды маңызды деп есептеді; Жасөспірімдердің 82% -ы корей тілін сақтау маңызды болғанын хабарлады. Алайда, жасөспірімдердің 45-75% -ы тек корей тілін «айтарлықтай жақсы» сөйлей алады деп жауап берген. Керісінше, ата-аналардың 95% -ы өздерін ағылшын тілін үйрену маңызды болғанын мәлімдеді, бірақ олардың ағылшынша сөйлейтіндігі өте шектеулі болды. Мысалы, ата-аналардың тек 21% -ы ағылшын тілінде «айтарлықтай жақсы немесе өте жақсы» сөйлейді. Алайда, жасөспірімдердің 95% -ы ағылшын тілінде еркін сөйлейді[4].

Жалпы алғанда, американдық корей отбасылары корей мәдениеті мен лингвистикалық ерекшеліктерін сақтай отырып, американдық құндылықтарды, әдет-ғұрыптарды және ағылшын тілін үйренуге ерекше көңіл бөледі.

Бұл құбылыс интеграция тұжырымдамасына сәйкес келеді, онда иммигранттар негізгі және мұра мәдениетін теңестіруге ұмтылады, бұл бейімделудің ең табысты түрі деп есептеледі. Сонымен қатар, ата-аналар мен жасөспірім арасындағы аккумуляцияның әртүрлі деңгейлерін эмпирикалық түрде екені расталды. Бұл корей халқының құндылықтарын, әдет-ғұрып және тілден гөрі, жасөспірімдердің американдық құндылықтарды, әдет-ғұрыптарды және ағылшын тілін үйренуге ата-аналар тарапынан жоғары үміт артатыны байқалады.

Сонымен қатар, АҚШ-тағы корей диаспорасының саны жағынан көбеюі, өркениеттік-мәдени айырмашылықтар, экономикалық жағынан нығайған, шыққан элементілектестігі және рецепиент-елдердегі нәсілдік шиеленіс сияқты басқа әлеуметтік-психологиялық факторлар американдық корейлердің сәтті бейімделген азшылық ретінде сақталуына көмектеседі. Сонымен қатар, АҚШ-тың америкалық азаматтары ретінде адалдығына қарамастан, саясатқа қатысудың өсуі, американдық өмір сүру үлгісі әлеуметтік және экономикалық тәртіп үлгілері арасында үстемдігіне қарамастан, америкалық корейлер өздерінің этникалық сәйкестігін сақтап қалды және АҚШ-дағы корейлер корейлік ұлттық топ ретінде өмір сүреді.

Жапониядағы корей диаспорасының өзіне тән ерекшеліктері- біріншіден, оның ұзақ мерзімді және терең саяси бөлінуі, екіншіден, осы мемлекеттің корейлерді кемсітуі. Ал қазіргі уақытта да Жапонияда ата-бабалары тұрған және корей тілін тіпті білмейтін корейлер де, ресми түрде әлі «шетелдіктер» деп саналады. Мұндай жағдайды кез келген басқа елде корей қауымдастығы, кәрістердің басым көпшілігі өздері тұратын елдің азаматтары болып табылады. Жапониядағы корейлердің ерекше позициясы, әрине, көптеген құқықтық мәселелерді тудырады. Алғашқы кезеңдерде ережелер айырықша қатаң болды. Осы уақытқа дейін (қазіргі кезде жағдай біраз жақсарды) корейліктер үлкен компанияға жұмысқа орналасу және одан да мансапқа жету мүмкін болмады. 80-ші жылдардың ортасына дейін корей мен жапондықтан тұратын аралас неке болған емес. Бастапқыда корейлердің басым көпшілігі біліктілігі жоқ жұмысшылардан құрылса, қазір олардың көпшілігі шағын бизнеспен айналысады. Жапониядағы корейлердің негізгі жұмыс орны бұл елде дәстүрлі түрде аса құрметке ие болмаған және үлкен табыс әкелмейтін шағын бизнеске айналды. Соңғы жылдары жағдайдың елеулі жақсарғанына қарамастан, мүмкін, әлемнің ешбір елінде этникалық корейлер мәдени және тілдік тұрғадын алғанда, Жапониядан басқа мұндай қатал және жүйелі кемсітуге ұшырамаған. Алайда, бұл жағдайға да, сондай-ақ, корей тілінде білім берудің ерекше дамыған жүйесіне де қарамастан, 1980 жылдан бері басталған ассимиляцияны тоқтата алмады[5].

Мысал келтірсек, Жапониядағы корейліктердің жасөспірім мен отыз жас аралығындағылардың 80% астамы оларға қатысты өшпенділікпен байланысты пікірлер туралы білетінін немесе өздері бастан кешірген тәжірибе бар болғаны туралы мәлімдеді. Бұндай антикорейлік ахуалды Жапониядағы корей мектептері алдында және «зайнчи»(zainichi) (жапония корейлері) көп шоғырланған Осакадағы «Корей үйлерінің»(Koreatown) кейбір аудандарында наразылық топтары таратады. Сауалнама бойынша Жапониядағы бастауыш сыныпта оқитын корей оқушылардың 14,2% ғана және жоғары студенттердің 9% ғана корей аттарын қолданады[6]. Корейлердің аты-жөнін өзгертетіні қоғамда «қабылдану» үшін және «көзге түспеу үшін» өздерінің корей атамұрасын

жасыруға қандай қадамға баратынын көрсетеді. Жағдай ақырындап жақсарып келеді, бірақ әлі де жапон заң алдындатолықтай тең болу үшін алдыда әлі ұзақ жол бар. Осындай кемсітушілікті тоқтату үшін Жапония үкіметі мен қоғамы әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді қамтуы қажет.

Мұндай жағдайда Қазақстанның тәжірибесі мол. Бүгінгі таңда корей диаспорасы көпұлтты Қазақстанның ажырамас бөлігі болып келеді. Посткеңестік кезіңде кейбір республикалардың халықтарының көші-қонына қарамастан, корей диаспорасы жаңа үйге, жаңа Отанға айналған Қазақстанда қалды. Өткен онжылдықта Қазақстанға көрші елдерден яғни, Тәжікстан, Өзбекстан және Қырғызстаннан корейлер көшіп келгенін айтып кету керек. Бұған әртүрлі себептер бар.

Республиканың бұндай жетістіктері туралы айтқанда, Қазақстанның қарқынды дамуының негізгі тірегі этносаралық және конфессияаралық келісім екендігін ұмытпау маңызды. Елімізде ешкім жынысына, нәсіліне, тіліне, дініне, нанымдарына, мекен-жайына немесе өзге жағдайлар бойынша кемсітілмейді. Қазіргі заманғы болмыстарды ескеріп, Қазақстан халқының Ассамблеясы 2015 жылы 23 сәуірде Астана қаласында «Мәңгілік Ел: бір ел-бір тағдыр» күн тәртібімен өтті.

ТМД елдердегі корей диаспорасы басқа елдердің корей диаспораларымен салыстырғанда қабылдаушы қоғамға ең үлкен интеграция деңгейімен ерекшеленеді. Солтүстік және Оңтүстік Корей түбегінде тұратын корейлермен ортақ ұқсастығы бар. Олардың жалпы генетикалық тамыры, бірыңғай нәсілдік және антропологиялық түрі, көп ғасырлық жалпы тарихы, мәдениеті және тілі бір. Дегенмен, басқа жағынан алып қарасақ, ресейлік Қиыр Шығысқа көшкен сәттен өткен бір жарым ғасыр ішінде олардың менталитетінде, этникалық мәдениетінде, тіл құрылымында, әлеуметтік жағдайында, білімінде және тіпті сыртқы келбеттерінде едәуір өзгешеліктер байқалады.

Сонымен қатар, олар корей тілін білмеуімен, өздерінің туған мәдениетіне және ішкі этносаралық некелерге деген шектелген ұмтылысымен ерекшеленеді. Корейлер арасында ұлтаралық некелер жиі кездеседі (көбінесе қазақтар мен орыстар). Алматы қаласы бойынша олардың үлесі шамамен 35-40% құрайды. Бұл - Достастық елдерінің корейлеріне тән болып табылатын жаңа этнос қалыптасуына әкелетін табиғи нәтиже. Ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуі туралы айта келек, корей, орыс, Орта Азия және Еуропа мәдениетінің элементтерін қамтитын Коре сарамдарда (ТМД корейлері) белгілі синтетикалық мәдени генофонд құрылды [7].

Қазақстанның корей диаспорасына келетін болсақ, Қазақстан корейлерінің ана тілі – бұл Оңтүстік Кореяның немесе Солтүстік Кореяның қазіргі заманғы әдеби тілі емес, өзіндік диаспоралық тіл. Коре мар – негізінен ауызша түрде Қазақстанда ғана өмір сүрген және тек қана жанұялық-тұрмыстық салада ғана қолданған. Коре мардың жазбаша түрі жоқ, эфирден және театр сахнасынан айтылмайды, бұқаралық ақпарат құралдарында пайдаланылмайды, мектептерде сабақ ретінде берілмейді – өшіп кету қауіпі шегінде тұр. Егер корей, қазақ және орыс тілін білу деңгейін салыстыратын болсақ, Қазақстан корейлерінің нақты басымды және алғашқы тілі орыс тілі болып табылады. Ол тілді 90-95% корейлері жақсы игерген. Орыс тілін білмейтін бірде-бір корей қалған жоқ. Өткен кезеңнің нақты себептеріне және жағдайларына байланысты қазақ тілін еркін игергендер деңгейі өте төмен. Мемлекет басшысы қазақ тілінің даму деңгейін біртіндеп көтеру керектігін әрдайым атап өтеді. Тұрғындар ана тілі ретінде корей тілін танитын корейлер үлесінің төмендегені бір жақты растайды: 1970 жылы - 64%, 1979 жылы - 56,1%, ал 1989 жылы - 51,7%. Тілдік құзіретінің деңгейі және сөйлеу мәнерінің сипаты Қазақстан корейлерінің жас ерекшелігі және әлеуметтік тобы бойынша әртүрлі болады. 1-ден 25-ке дейінгі жас тобында әдетте, туған диалектіні меңгергені мүлдем жоқ. 25-тен 60-жасқа дейінгі жас тобы үшін күнделікті, тұрмыстық тақырыпта ауызекі сөйлеуді түсіну деңгейінде салғырт меңгеру тән. Тек ең үлкен 60-тан 80-жасқа дейінгі жас тобы, салыстырмалы этношағын ауыл ортасында өскен және жазбаша ұлттық сауаттың алғашқы білімін алғандар ауызекі сөйлеу түрлерінің белсенді түрлерін, яғни сөйлеу және жазба түрін меңгерген. Тәуелсіз Қазақстанда мектеп

бағдарламасында үш тілдікке аса назар аударылады. Тілдердің үш тұғырлығы идеясында Елбасы: «қазақтілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп анықтама берген еді. «Яғни, үш тілді меңгеру, білу - бұл жаһандық әлемге жолдама деген сөз. Ортақ рухани-адамгершілік құндылықтар негізіндегі халықтың бірлігі қазақстандық ұлттық рухтың бастауы болыптабылады. Елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы ұлттық саясатты, этносаралық және дінаралық диалогты жүзеге асырудың бірегей әрі тиімді тетігі құрылған. 2016 жылғы 26 сәуірде Елбасының төрағалығымен Астана қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» ұранымен XXIV сессиясы өтті [8].

Корейліктер диаспораның этникалық сәйкестендіруі Корея Республикасының басты міндеттерінің болып табылады. Корея Республикасы 1990-шы жылдардың аяғынан бастап шетелдік отандастарымен өзара әрекеттесу стратегиясын жасай бастады.

Корея Республикасы әлемнің түкпірінде корей мәдени орталықтарын қолдай отырып, мәдени фестивальдерді және корей тілі курстарын (ең алдымен ТМД-ның корейлері үшін) ұйымдастыру арқылы, Корея Республикасына оқу үшін стипендияларды (бірінші кезекте дамушы елдер корейлер үшін) бөлу арқылы шетелдегі отандастарының ұлттық сәйкестіктерін күшейту және сақтау үшін жасалынады.

Мысалы, осындай мақсатпен 2005 жылы Корея Республикасының үкіметі ТМД елдерінде тұратын этникалық корейлерді қолдау бойынша жаңа бағдарлама ұсынды, ол ТМД-ның этникалық корейлеріне арналған мәдени мекемелерді салу, корей тілінде жүргізілетін радио мен газеталарды қаржылық қолдау ұсынды. Бүгінде біздің мемлекеттеріміз бір-біріне үлкен қызығушылық танытуда.

Қорыта келсек, тарихи тәжірибеге сүйене отырып корейліктердің этносаралық интеграция жағынан жаңа экологиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделу ерекше қабілетіне назар аударылып отыр деп айтуға негіз бар. Корейлер қайда тұрмасын, олардың Корея түбегінде тұратын корейлермен айтарлықтай айырмашылықтары байқалады. Дегенмен, мінез-құлық және қарым-қатынастың ерекшеліктері диаспоралардың белгілі бір дефективтілігін білдірмейді. Дүниежүзіндегі корей диаспорасы Корея мен олардың отандастары тұратын ел арасындағы көпір ғана емес, сонымен бірге екі жақты қарым-қатынастарды дамытудың белсенді элементі болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тен В.А. Корейская диаспора в США в XX веке :Формирование и адаптация, - М: Российский Университет дружбы народов, 2000, - 474с.
2. Ли. А.Н. Корейская диаспора в Казахстане// (Электронный ресурс)– Режим доступа: <https://www.kondor-tour.kz>
3. Балданова Д.В. Стратегии аккультурации корейцев: культурно-исторические основания: // диссертация на соиск. к.и.н. - Чита, 2014. - 192 с.
4. Berry JW. Acculturation: A conceptual overview. In: Bornstein MC, Cote LR, editors. Acculturation and parent-child relationships: Measurement and development. Mahwah, New Jersey: Lawrence Erlbaum Associates, Publishers; 2006. pp. 13–30.
5. Николаевич Л.А. Корейское зарубежье: Япония// (Электронный ресурс)– Режим доступа: <https://public.wikireading.ru/45212>
6. Young-Min Cho, "Koreans in Japan: a Struggle for Acceptance," Law School International Immersion Program Papers, No. 2 (2016). pp. 8-16.
7. Ким Е.В. Корейская диаспора и стратегии Республики Кореи по взаимодействию с ней. – Сеул: Центр исследований АТР Университет Ханянг, 2017// (Электронный ресурс)– Режим доступа: <https://koryo-saram.ru/korejskaya-diaspora-i-strategii-respubliki-korei-po-vzaimodejstviyu-s-nej/>
8. Ким. Г.Н. Қазақстан корейлері. - Астана: Қазақстан халқы Ассамблеясы, 2016. -208 б.